



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР**

*2019 жылғы 26 ақпан*

### **Ерболат Досаев ҚР Ұлттық Банкінің басшысы лауазымындағы жұмысына кірісті**

Бүгін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Әсет Исекешев Қазақстан Республикасы ҰБ Төрағасы Ерболат Досаевты Ұлттық Банктің ұжымына таныстырды. Ә. Исекешев Ұлттық Банктің алдында тұрған барлық міндеттердің бұрынғыдай қалатынын атап өтті. Оның айтуынша, бұл міндеттерді Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында және Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтты. «Бірінші кезекте, бұл ақша-кредит саясатын жетілдіру, банктік, қаржылық және нақты секторларды қалыпқа келтіру, баға тұрақтылығы мен экономикалық өсу арасындағы теңгерімді табу», – деді Ә. Исекешев.

Ә. Исекешев атап өткендей, банктер активтерінің сапасына тәуелсіз бағалау жүргізу, қор нарығын дамыту және басқалары өзекті мәселелер болып қалуда. «Үкіметпен бірге халықтың өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында макроэкономикалық тұрақтылықты және экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі шешімдер жүйесін пысықтау қажет», – деп атап өтті ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы.

Өз кезегінде, Е. Досаев Мемлекет басшысына көрсетілген сенімі үшін алғыс айтты және елдің экономикалық өсуін қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банктің және Үкіметтің бірлескен жұмысы күшейтілетінін атап өтті.

ҚР Президентінің 2019 жылғы 25 ақпандағы № 856 Жарлығымен Ерболат Досаев ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының лауазымына тағайындалғанын еске саламыз.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)